



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## № 7 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### Базалық мөлшерлемені 9,25%-ға дейін төмендету туралы

2018 жылғы 16 сәуір

Алматы қ.

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/-1% дәлізімен 9,25% деңгейіне дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Ұлттық Банк инфляцияның ағымдағы жылдың соңына дейін және келесі жылы төмендеу үрдісінің жалғасуына қатысты өз бағалауын растайды. Инфляциялық күтулер төмендеуін жалғастырды. Ресейдің қор және валюта нарықтарында байқалып отырған құбылмалылыққа қарамастан, сыртқы сектордың орта мерзімді кезеңдегі іргелі факторларының әсер етуі оң болып бағалануда. Ұлттық Банктің бағалауы бойынша макроэкономикалық көрсеткіштердің ағымдағы серпіні сақталған кезде инфляция 2018 жылы 5-7% аралығындағы нысаналы дәлізде болады.*

Наурызда **инфляцияның жылдық деңгейі** 6,6%-ды құрады. Өндірушілер шығасыларының өсуі, әлемдік нарықтардағы бағалардың әсер етуімен импорттың кейбір қымбаттауы және халық тарапынан ішкі сұраныстың байқалып отырған күшеюі негізгі инфляциялық факторлар болады.

Халықтың **инфляциялық күтулері** қалыпты төмендеуін жалғастырды. Халықтың пікіртерім нәтижелерін бағалау 2016 жылдың басынан тарихи минимумға қол жеткізе отырып, бір жыл алға күтілетін инфляция 2017 жылғы желтоқсандағы 7,1%-дан ағымдағы жылғы наурызда 5,8%-ға дейін төмендеуді көрсетті. Наурызда қабылданатын инфляция көрсеткіштері ақпанмен салыстырғанда сол деңгейде сақталды. Өткен жылғы тауарлардың бағасы бұрынғыға қарағанда тез өсті деп санайтын респонденттердің үлесі 49% (2017 жылғы желтоқсанда – 52,1%) болды.

**Экономикалық белсенділік** оң серпінді көрсетуді жалғастырып отыр. 2018 жылғы қаңтар-ақпанда қысқа мерзімді экономикалық индикатор жылдық көрсетуде 5,2%-ға өсті. Тау-кен өндіру (өңделмеген мұнай және темір рудасын өндірудің ұлғаюы) және өңдеу өнеркәсібінде (металлургияда, азық-түлік өнімдері және машина жасау өндірісінде өсу), ауыл шаруашылығында, саудада және көлікте өсудің оң қарқыны сақталды. Сонымен қатар, құрылыстың 4,5%-ға төмендеуі байқалады. Негізгі капиталға инвестициялардың өсуі 2018 жылғы қаңтар-ақпанда 54,4% болды.

**Сыртқы нарықтағы** ахуал Қазақстан үшін қолайлы болып қалуда. Сыртқы сектор тарапынан іргелі факторлардың серпіні базалық мөлшерлеме бойынша алдыңғы шешіммен салыстырғанда өзгерген жоқ. Жыл басынан мұнайдың бағасы орташа алғанда бір баррель үшін 65 АҚШ долларынан жоғары деңгейде қалыптасуда. Негізгі сауда әріптес елдердегі инфляцияның қарқыны қалыпты деп бағаланады. Соңғы бірнеше күнде ішкі валюта нарығындағы қысқа мерзімді құбылмалылықтың себебі болған саудадағы әріптес елдер, негізінен Ресей Федерациясы тарапынан тәуекелдердің әсері қысқа мерзімді және қалыпты деп бағаланады. Осыған байланысты Ұлттық Банк теңге бағамының әлсіреуіне жауап ретінде ақша-кредит талаптарын қатаңдатуды қажет деп санамайды.

**Ақша-кредит талаптары** баға тұрақтылығын қолдау және экономикалық өсу қарқындарына әлеуетті мәндер деңгейінде қол жеткізуге көмек көрсету арасындағы теңгерімділікті сақтай отырып, экономикаға ықпал етудің бейтарап сипатына қол жеткізуін жалғастыруда. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2018 жылы бейтарап ақша-кредит талаптарының сақталуын қамтамасыз ете отырып, базалық мөлшерлемені бірте-бірте төмендету саясатын жалғастырады.

Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешім 2018 жылғы 4 маусымда Астана уақыты бойынша сағат 17.00-де жарияланатын болады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)